

Қосымша білім беру бағдарламасының паспорты
«Эмоциялар, ойлау және гениалдылық»

№	Өріс атауы	Ескерту
1	Қосымша білім беру бағдарламасының атауы	Эмоциялар, ойлау және гениалдылық
2	БББ түрі	Minor қосымша бағдарлама
3	БББ мақсаты	Білім алушылардың эмоционалды интеллект, сыни және шығармашылық ойлау, сондай-ақ гениалдылық пен шығармашылық әлеуетті дамыту саласындағы білімін, дағдыларын және құзыреттерін қалыптастыру. Бұл күрделі тапсырмаларды тиімді шешуге, өзін-өзі реттеуге, тұлғаралық өзара әрекеттесуге және кәсіби қызметке мүмкіндік береді.
4	ХҚКО бойынша деңгей	6
5	ҰБШ бойынша деңгей	6
6	СБШ бойынша деңгей	6
7	БББ айрықша ерекшеліктері	-
8	Серіктес ЖЖОКБҰ (Бірлескен БББ)	-
9	Құзыреттер тізімі	<p>Қ1 – Эмоционалды интеллектті дамыту әдістерін меңгеру.</p> <p>Қ2 – Ақпаратты талдау және тапсырмаларды шешуде сыни және шығармашылық ойлауды қолдану қабілеті.</p> <p>Қ3 – Жеке әлеуетті, гениалдылықты және инновациялық тәсілдерді ашу және дамыту дағдылары.</p> <p>Қ4 – Тиімді өзара әрекеттесу және кәсіби қызмет үшін эмоционалды және когнитивтік ресурстарды пайдалану қабілеті.</p>
10	Оқыту нәтижелері	<p>ОН1 – Өзін-өзі және басқалардың эмоцияларын анықтайды және басқарады, тиімді өзара әрекеттесу үшін қолданады.</p> <p>ОН2 – Ақпаратты талдау және шешім қабылдау үшін сыни және шығармашылық ойлауды қолданады.</p> <p>ОН3 – Жеке шығармашылық қабілеттерді және гениалдылық әлеуетін дамытады.</p> <p>ОН4 – Кәсіби және тұлғаралық тапсырмаларды шешу үшін когнитивтік және эмоционалды стратегияларды пайдаланады.</p>
11	Оқыту түрі	күндізгі
12	Оқыту тілі	Қазақша, орысша
13	Кредиттер көлемі	15
14	Пәндер туралы мәліметтер	<i>Қосымша 1</i>

1 Қосымша

№	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптасқан нәтижелер (коды)
Міндетті компонент				
1	Эмоционалды интеллект	Бұл пән эмоционалды интеллект теориясы мен практикасымен таныстырады, оның ішінде өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, мотивация, эмпатия және әлеуметтік дағдылар. Білім алушылар эмоцияларды тану және басқару, эмоционалды құзыреттілікті дамыту және тұлғаралық өзара әрекеттестікті жақсарту әдістерін меңгереді, бұл жеке және кәсіби өсуге ықпал етеді.	5	ОН1, ОН3, ОН4
2	Сыни және шығармашылық ойлау	Бұл пән сыни талдау, логикалық пайымдау және проблемаларды шешуде шығармашылық тәсілдерді қалыптастырады. Білім алушылар ойлаудағы қателіктерді анықтау, инновациялық идеялар мен стандартты емес шешімдерді генерациялау әдістерін меңгереді, сондай-ақ ақпаратты жүйелі бағалау және білім беру мен кәсіби қызметте шығармашылық тәсіл қолдану қабілетін дамытады.	5	ОН2, ОН3
3	Гениалдылық	Бұл пән гениалдылық феноменін, шығармашылық әлеуетті ашу және өзін-өзі жүзеге асыру әдістерін зерттейді. Білім алушылар ерекше қабілеттердің психологиялық, когнитивтік және әлеуметтік аспектілерін меңгереді, шығармашылық ойлау, өзін-өзі ұйымдастыру және инновациялық тәсілдерді дамыту дағдыларын қалыптастырады, өз таланттары мен қабілеттерін жеке және кәсіби дамуда тиімді қолдана білуге үйренеді.	5	ОН3, ОН4
Барлығы:			15 кредит	